

Перечисленные ранее цели и задачи в последствии будут реализованы в запланированный срок. И с поставленной задачей они должны справиться и принести положительные результаты. Эта программа идет наряду с развитием программы «Казахстан 2050». Все это способствует развитию социальной и экономической жизни казахстанцев. Сейчас 2018 год, и я надеюсь, что все что запланировано будет реализовано. Что наше государство отнесется с полной ответственностью к этой программе. Ведь впереди еще много работы, и все в наших руках. Так давайте отнесемся к этому с полной ответственностью и поможем нашей стране уйти далеко вперед. Я верю в будущее нашей страны, и хочу тоже принести пользу своему Казахстану.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

1. Послание Президента РК Н.Назарбаева народу Казахстана «Новые возможности развития в условиях Четвертой промышленной революции» // Казахстанская правда 10.01.18

ТҮЙІН

Мақалада салауатты өмір салтын қалыптастырудың ролі мен қоғам дамуындағы адами капиталдың маңыздылығын қарастырылады. Сау адамның қалыптасуы, оның денсаулығын одан әрі қорғауы қажет дене шынықтыру және спорт. Денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік бағдарламаға талдау жасауға ерекше көңіл бөлінеді.

RESUME

The article examines the role of a healthy lifestyle and the importance of human capital in the development of society. An indispensable condition for the formation of a healthy person, the further preservation of his health, are physical education and sports. Particular attention is paid to the analysis of the state program on health protection.

ӘОЖ 228 (78)

Т.Ерболатқызы, магистрант

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қаласы

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ СТРАТЕГИЯСЫН ЖЕТІЛДІРУ ҚАЖЕТТІГІ

Аннотация

Бұл мақалада қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайға бейімдей отырып, жоғары оқу орнында инновациялық қызметті дамытудың маңызы, соның ішінде инновациялық қызметтің мақсаты, қағидалары, міндеттері және оның білім беру мен ғылым саласымен байланысы қарастырылады.

Түйін сөздер: білім беру, жоғары оқу орны, стратегия, инновация, инновациялық стратегия.

XXI ғасыр-жаһандық жаналықтар ғасыры ғана емес, білімнің дәуірлеу ғасыры да, өйткені, ол қазіргі кезде мемлекеттің тұрақты дамуы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етуде, сондай-ақ әлемдік нарықтағы, әлемдік қоғамдастықтағы орнын айқындап, халықтың өмір сүру сапасымен деңгейін көтеруде айрықша маңызды рөл атқарады.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін, бәсекеге қабілетті ұлт үшін» жолдауында атап өткендей «Ұлттық бәсекелестік қабілеттің бірінші кезеңінде білімділік деңгейімен айқындалады» [1] деп атауы білім беру саласының барлық жағынан жаңаша көзқарас, жаңаша қарым – қатынас қалыптастыруды көздейді.

Білім беру жүйесіндегі басты міндет пен іліспе мақсат үздіксіз білім беру принципін енгізу болып табылады. Сапа мынадай аспектіде қарастырылады: қазіргі кезде білім беру деңгейлерінің әрбірі өздері үшін тіршілік етіп жатқандай. Келесі онжылдықтың мақсаты, бір жағынан, адамның ілгершіл дамуын қамтамасыз ететін бірінші ұлттық білім беру жүйесін құру, екінші жағынан, білім берудің ұлттық жүйесінің жалпыәлемдік жүйемен интеграциялануын қамтамасыз ету болып табылады. Алдағы 10 жыл ішінде білім беру жүйесін адамды біліммен ғана қамтамасыз етіп қоймай, сонымен бірге осы білімді білікті пайдалана білу және үздіксіз оқу дағдыларына баулу жүйесі етіп қайта құру күтіп тұр.

Қазақстанның 2020 жылға дейін даму стратегиялық жоспарына және «Қазақстан – 2030» Стратегиясына сәйкес Қазақстанның «үдемелі индустриалды-инновациялық дамуын» қамтамасыз етуде мемлекеттің, қоғамның және тұлғаның тұрақты дамуы үшін инновациялық стратегияларды жетілдіру қажеттігін көрсетеді [2]. Әлемдік тәжірибе көрсетіп тұрғанындай, инновациялық қызмет дағдарыс құбылыстарының алдын алуда, әлеуметтік-экономикалық қайта қалыптасу жағдайларында инновацияны жасау, дамыту және таратуға бағытталған құбылыс ретінде шешуші факторлардың бірі ретінде саналады. Отандық экономиканың дамуында инновациялық жолдарды пайдалануда, инновациялық жобаларды белсенді жүзеге асыруда білім берудің алар орны ерекше.

Осыған байланысты, білім беру жүйесін инновациялық дамытудың барлық аспектілерін толығырақ зерттеу, инновациялық типтегі университеттердің тиімді үлгілерін жасау, сонымен қатар, еліміздегі білім берудің барлық жүйесі аясында инновациялық-білім беру қызметін қамтамасыз ету үшін жағдай жасау өзекті мәселелердің бірі болып отыр. Алайда, білім беру процесінде, сонымен қатар, экономика мен басқаруда қолданылып жүрген жаңа шешімдерді жасауға көп көңіл бөлініп жүргеніне қарамастан, білім беруде инновациялық үрдістерді басқарумен байланысты сұрақтардың теориялық және әдістемелік жетіспеушіліктері байқалады. Бұл өз кезегінде қазақстандық білім беру жүйесінің білім беру экономикасына кіруін қиындатады.

Білім беру жүйесі экономикалық және әлеуметтік салалардан оқшау тіршілік етуін тоқтатуға тиіс. Оны үлкен әлеуметтік-экономикалық жүйенің бір бөлігі болу және ел экономикасын адам ресурстарымен қамтамасыз ету міндеттерін шешу күтіп тұр. Оның ең басты шешу жолы жоғары оқу орындарының инновациялық стратегиясын жетілдіру болып табылады.

Жоғары оқу орындарының инновациялық стратегиясын дамыту қазіргі жағдайда олардың табысты қызмет етуінің маңызды нысаны болып табылады. Егер бұрын жоғары оқу орындары негізінен өзінің ішкі әлеуетін тиімді пайдалануға ғана мән беріп келген болса, қазіргі таңда жоғары оқу орындарының қызмет ету режимінен даму режиміне өту қажеттігі өзекті болып тұр. Ол үшін жоғары оқу орындарының тез өзгеріп отыратын ішкі жағдайлармен қатар сыртқы жағдайларға да бейімделуін қамтамасыз етуге қабілетті мақсатты жаңа стратегияны қажет етеді. Бұндай стратегия жоғары оқу орындарының макро және микро орта динамикасына уақытылы әсер ету мүмкіндігін береді және үнемі өзгеріп отыратын ортаға бейімделудің құралы ретінде қарастырылады.

Стратегия түсінігіне көңіл аударайық, бұл термин грек тілінен аударғанда *stratos* – әскер және *ago* – жүргіземін сөзінен шыққан. Бұдан бөлек терминнің мағынасын тереңірек беретін басқа да нұсқасы бар. Ол нұсқа да грек тілінен аударғанда *strategia* –

әскерді соғысқа бейімдеу өнері деп аталады [3]. Алайда, бүгінгі күні бұл терминнің нақты жалпыға ортақ танылған анықтамасы жоқ. Стратегия бағдарлама ретінде немесе жоспар, болмаса мақсатқа жету жолындағы ережелер жинағы сияқты қарастырылады.

Біріншіден, стратегияны ұйымның барлық қызметін қамтитын, бірлік, басқарушылық және мақсатқа бастаушылық режимдерін қамтитын көп қырлы концепция ретінде қарастыруға болады. Стратегиялық жоспарлау бойынша алғашқы жұмыстардың авторларының бірі А.Чандлер стратегияны ұйымның негізгі ұзақ мерзімді мақсаттары мен міндеттерінің, әрекеттерді бекітудің және осы мақсаттарға жету үшін қажетті ресурстарды бөлудің анықтамасы деп есептейді. Стратегияны жалпы ұйым әрекеттерінің жан-жақты және интегративті жоспарларын қамтитын басты күші деп қарастыруға болады. Бұл көзқарасқа сәйкес стратегия ұйымның негізгі мақсаттарының орындалатындығына кепілдеме беретін жоспарлардың іске асуы деп түсініледі.

Екіншіден, стратегия – ол сыртқы мүмкіндіктер мен қауіп-қатерлерге жауап беру, сондай-ақ бәсекелестікті арттыруға қажетті ішкі мықты және әлсіз тұстарды білу. Бұл қадамға сәйкес қызметтің әр түрлі саласында негізгі бәсекеге қабілетті ұйымдардан асып түсу үшін қажетті ұзақ мерзімді жоспарлардың жиынтығы.

Жоғарыда айтылғандардың негізінде келесідей анықтама жасауға болады. Ұйымның стратегиясы – алға қойған мақсаттарға жету үшін ұйымның ішкі мықты және әлсіз тұстарымен қатар, сыртқы ортаның да әсерін ескеретін ұзақ мерзімді әрекеттерінің дәйекті, бырыңғай және интеграцияланған бағдарламасы.

Жоғары оқу орындарының стратегиясын жасау объективті қажеттіліктерден туындайды. Олардың қатарында демографиялық жағдайға байланысты білім беру қызметіне сұраныстың азаюын, отандық жоғары оқу орындарында жаңа білім беру технологияларының дамуын және шетел жоғары оқу орындары тарапынан да бәсекелестіктің артуын, сонымен қатар өзге де факторларды жатқызуға болады.

Енді жоғары оқу орны түсінігіне көңіл аударайық. Біріншіден, олар институционалды және ұйымдастырушылық тұрақтылыққа ие, оларға қызметтің тар шеңберлілігі берілген (ғылым және нақты мамандықтар бойынша жоғарғы білім). Екіншіден, оларға осыған ұқсас өнім шығарушылармен ғана бәсекелестікке түсу, кадрлық және ақпараттық ресурстарға ие болу ғана тән. Осымен қатар жоғары оқу орындары қызметінің басты мақсаты: тұлғаның интеллектуалды, мәдени дамуының қажеттіліктерін қанағаттандыру, қоғамды жоғары білімді мамандар мен ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыздандыру, қоғамның адамгершілік, мәдени және ғылыми құндылықтарын жинау, сақтау, көбейту болып табылады.

Осылайша, жоғары оқу орны білім беру нарығында белсенді әлеуметтік, экономикалық, іскерлік, қоғамдық қызметті жүзеге асыратын әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады.

Енді инновация түсінігіне мән берейік.

Әлеуметтік өмірдің барлық саласындағы түбірлі өзгерістер, ғылым мен мәдениеттегі прогресс, педагогикалық қызмет саласындағы жаңа талаптар білім жүйесіндегі қайта құруға әкеліп соқтырды. Бұл салаларды әрі қарай жетілдірудің бірден-бір мүмкін жолы – инновация, яғни педагогикалық жаңалықтарды игеру мен қолдануды басқаратын үрдістер. Бұл білім беру мазмұнына, білім беру және тәрбиелеу әдістеріне, білім беру мекемелерін ұйымдастыру және басқару жұмыстарына байланысты. Инновация деген не? «Инновация» ағылшын тілінен аударғанда (Innovation) «новацияға кіріспе» дегенді білдіреді [4]. Бұл термин мәдени антропологияда пайда болды. Ол бір мәдениет жетістіктерін сауда, тауар алмасу үрдістеріне пайдалану, аудару дегенді білдіреді. «Инновация» термині антропологиядан экономикаға, сонан соң педагогикаға көшіп, оқыту мен тәрбие жүйесіндегі, оқыту әдістемесіндегі білім беру мекемелерінің практикалық немесе

ғылыми әрекетінде туындаған түрлі өзгерістерді зерттеді. 50-жылдардың аяғында Германияда, АҚШ-та және тағы басқа елдерде педагогикалық жаңалықтарды оқу және қорыту орталығы пайда болып, білім беру саласының жаңалықтарына байланысты арнайы басылымдар шыға бастады (мысалы, «information at innovation en education Educational innovation in the United States» және басқалар).

Әдетте, инновация дәстүрлі мәселелерді жаңаша шешу нәтижесінде, фактілерді ұғыну және жинақтау үрдісінің ұзақтығы нәтижесінде пайда болды. Қазіргі кездегі инновацияның көбі тарихи тәжірибемен тығыз байланысты және оның өткен уақытта белгісі, ұқсасы бар. Бұл инновациялық үрдістің белгілі тұжырымдарға сәйкес келетін және белгілі бір жағдайларға өзекті және бейімделген, белгілі бір мақсатқа бағытталған және қазіргі заманғы идеяның құрылу, орнығу, қолдану және жойылу үрдісі екенін түсінуге мүмкіндік береді. Ол жаңалықтар кіретін жүйенің сапалы жақсаруына бағытталған, оған қатысушыларды ынталандырады және олардың көзқарастарын жаңалықтар тұрғысынан өзгертеді.

Жоғары білім берудегі инновациялық үдерістердің қарқынды өрлеуі ХХ ғасырдың соңы мен ХХІ ғасырдың басы қазақстандық білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер кезеңі болып табылады. Бұл білім сапасына қойылатын талаптардың өзгеруіне байланысты сыртқы факторлардың әсерінен туындап қана қойған жоқ, сонымен қатар даму тенденциясын тудыратын ішкі қарама-қайшылықтардан туындап отыр. Шетелдік университеттердегі аталған проблемалар Қазақстанда ғылыми инновациялық сфераны басқару құрылымдарын қолдану қажеттілігі жөнінде қорытындылауға мүмкіндік береді.

Инновациялық іс-әрекетке қойылатын шектеулердің азаюы білім беру жүйесінде ауқымды инновациялық қозғалысты туындатып отыр. Университеттің даму болашағына жаңаны өңдеу мен тарату үдерісі үлкен әсерін тигізеді. Басқа университетте туындап жатқан білім беру жүйесіндегі жетістіктер мен өңдемелер, педагогикалық тәжірибе университеттің дамуына мықты түрткі болып табылады. Білім берудегі инновациялық технологиялар білім алушылардың өз бетінше жұмысын белсендіруге және оны мәселенің шешімін табуда қолдануға, зерттеуге, әріптестікке бағытталған. Оларды қолдану студент-оқытушы жүйесіндегі басқа сапалы өзара әрекетті талап етеді.

- Жоғары оқу орнының инновациялық және ғылыми саясаты төмендегі негізгі қағидаларға сәйкес жүзеге асуы тиіс:

- ғылыми және білім беру процесстерінің тұтастығы және олардың қоғамның экономикалық-әлеуметтік дамуына бағытталуы;

- ғылыми зерттеулер мен білім берудің жоғарғы деңгейін қамтамасыз етуге қабілетті алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарына, жекелеген ғалымдарға қолдау көрсету;

- зерттеудің басым бағыттарына ғылыми және қаржылай ресурстарды құю, дайын өнім шығарумен аяқталатындай етіп зерттеудің толық циклын жүргізу;

- ғылыми-техникалық ортада кәсіпкерлік қызметті қолдау;

- білім мен ғылымның халықаралық қауымдастықта интеграциялануы [5].

Осылайша, инновациялық қызмет инновацияны жасау және меңгеру процесі, инновациялық қызметке ықпал ету процесі, атап айтқанда, ақпараттық, маркетингтік, кеңес берушілік және басқа да қызметтер, сондай-ақ жоғары оқу орындарының инновациялық қызметтерді басқаруы. Инновациялық қызмет ұйымның ғылыми-білім беру және инвестициялық қызметін қамтуы тиіс.

Жоғары оқу орнының инновациялық стратегиясын жасау процесін төмендегідей қарастыруға болады:

1. стратегиялық мақсатты анықтау, оның негізінде жоғары оқу орнының миссиясын жасақтау;

2. ситуациялық анализ жасау;
3. стратегияның негізгі басымдықтарын анықтау;
4. оның жүзеге асыу үшін қажетті ұйымдастырушылық құрылымды жасау.

Жоғарыда айтылғандарды қорыта келе, жоғары оқу орындарының дамуы үшін маңызды факторлардың бірі ретінде инновацияны бекітуді айтуға болады. Оған себеп қазіргі әлеуметтік өзгерістер динамикасының және мейлінше бәлекелістік ортаның өсіп тұрған жағдайында жоғары оқу орындарының тек білім берумен шектеліп қалмауы керектігінен туындайды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Бәсекеге қабілетті Қазақстан үшін, бәсекеге қабілетті экономика үшін, бәсекеге қабілетті халық үшін» ҚР Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы;
2. «Қазақстан - 2030 Барлық Қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі және әл-ауқатының артуы» ҚР Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Толковый словарь Ушакова;
4. «Понятие и сущность значения инновационных процессов» Вестник КазНУ, 2015, Саменова З.Б.
5. «Принципы реализации инновационной стратегии высшего учебного заведения». Логунова О.С.

РЕЗЮМЕ

В данной статье рассматривается важность развития инновационной деятельности высшего учебного заведения, его адаптация к современным социально-экономическим условиям, а именно цель, принципы, задачи инновационной деятельности и ее связь с образовательной и научной сферами.

RESUME

In this article there have been examined the importance of the development of innovation activity of the higher educational institution, its adaptation to modern social and economic conditions, exactly, the purpose, principles, objectives of innovation activity and its relationship with the educational and scientific fields.

ӘОЖ 37.017.4

В.А.Есенғалиева, философия ғылымдарының кандидаты, доцент

Д.Есенғалиева, студент

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал қ.

ҰЛТТЫҚ МӘДЕНИЕТТЕГІ ДІННІҢ РӨЛІ

Аннотация

Мақалада дінмен астасқан ұлттық тарихтың құндылықтары, діннің қай кезеңде де қоғамдық сананың маңызды түрі ретінде тамыры тереңге жайылған жалпы адамзаттық өркениеттің, рухани игіліктердің құрамдас бөлігі екендігі айтылған.

Түйін сөздер: ислам, мәдениет, өркениет, ұлттық құндылық.

Ислам адамзат тағдырына, мемлекет тағдырына тек саяси тұрғыдан қарамайды. Оның артықшылығы, адамға баға беруінде. Пәк, тақуа, таза, иманды, әділетті. Адам арқылы, қоғамның, ұлттың, мемлекеттің қалыптасуына ықпал жасайды.